

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеттің орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 14 қараша N 1261. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.19. N 1793 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеті орталық аппаратының Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің саны шегінде 51 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы

Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитетке Комитет төрағасының бір орынбасарын, сондай-ақ 7 адамнан тұратын алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеттің орталық аппараты үшін қызметтік 2 жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 14 қарашадағы

N 1261 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті

жанындағы Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді

қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеттің

орталық аппаратының

Құрылымы

Басшылық

Кенді және кенді емес өнеркәсіптегі қадағалау бөлімі

Көмір өнеркәсібіндегі қадағалау бөлімі

Химия, мұнай мен газ өңдеу, металлургия өнеркәсібіндегі және қауіпті жүктердің темір жол көлігімен тасымалдануын қадағалау бөлімі

Мұнай және газ өндіру өнеркәсібіндегі, геология және

магистралдық мұнай, газ өнімдері құбырларындағы қадағалау бөлімі

Қазандық-газ қадағалау, көтеру құралдарын және астық өнімдері кәсіпорындарын қадағалау бөлімі

Әскерилендірілген, мұнайдың атқылауына және газ ысырабына қарсы күресуші бөлімшелер бөлімі

Өндірістердің бақылау және белгі беру аппаратурасымен, техникалық қауіпсіздік құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау бөлімі

Техника бөлімі

Кадр, құпиялық тәртібі мен іс жүргізу бөлімі

Бухгалтерия